


«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

2017 жылғы 15 қараша

№ 218

Алматы қаласы

город Алматы

**«ZIM Capital» акционерлік қоғамына
«Банк ЭкспоКредит» акционерлік
қоғамының банк холдингі мәртебесін
иеленуге келісім беру туралы**

Банктерді қадағалау департаментінің ұсынысын қарап, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 38, 39-баптарын, «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 2-қосымшасының 244-тармағын, «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 17-1-бабын, «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 1) тармақшасын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 23-тармағының 30) тармақшасын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «ZIM Capital» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – «ZIM Capital» АҚ) «Банк ЭкспоКредит» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «Банк ЭкспоКредит» АҚ) банк холдингі мәртебесін иеленуге келісім берілсін.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Қизатов О.Т.):

1) осы қаулының көшірмесін «ZIM Capital» АҚ-қа, «Банк ЭкспоКредит» АҚ-қа назарда ұстау үшін жіберсін;

2) қабылданған шешім туралы ақпаратты Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің интернет-ресурсына орналастырсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

**Ұлттық Банк
Төрағасы**

Дұрыс:

Бас маман-ҚРҰБ Басқармасының хатшысы



Д. Ақышев

А. Дупленко